

## НАУРЫЗ АЙЫ ТУҒАНДА



### 1-жүргізуші:

Наурыз қайта оралды, аты да аңыз,  
Сұрамаймыз ақы да, алғыс та біз.  
Кең дастарқан даламыз – сахнамыз,  
Ұлы мейрам – Наурызға шақырамыз.

### 2-жүргізуші:

Алқа-қотан той думан,  
Ортамызды ашайық.  
Ән мен күйді төгілтіп,  
Инжу-маржан шашайық.  
Жиналған халық таң қалсын,  
Өнерден күмбез жасайық!

### 1-жүргізуші:

Қыс өтіп қар кетіп,  
Шырайлы жаз жетіп.  
Шаруаның кенелген,  
Мейрамы ежелден,  
Құтты болсын, Наурыз!  
Ұлыс күні кәрі-жас,  
Құшақтасып көріскен.  
Жаңа ағытқан қозыдай,  
Жамырасып өріскен.

*(Осы кезде жақын тұрған топ ортасынан дабырласып, сәлемдесіп, екі-үш ер адам шығып, жаршылармен төс қағыстырып сәлемдеседі).*

### 1-ер адам:

Амансыз ба, ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын,

Қайда барсаң жол болсын!

### 2-ер адам:

Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлігі ақты болсын!

### 3-ер адам:

Ұлыс береке берсін,

Бәле-жала жерге енсін.

**Жаршы:** Оу, ағайын! Наурыз – нұрлы күн, шапағаты мол күн!

Наурыз күні біреу алыстан іздеп келіп амандасады. Ауыл мен ауыл,



эке мен бала, ата мен немере, әже мен келін, нағашы мен жиен, құрбы мен құрдас, құда бала мен құдаша деген сияқты кете береді. Пай-пай, шіркін, қазағым есен-сау болсын! Амандық – Алланың аманаты. Амандықпен табысайық, жақсылықпен жарысайық!

*«Шаттық» бiі биленеді.*

Жұрт жиналған жерде жын-шайтанның да бас қосатыны белгілі. Атам заманнан адамзат баласының өмірінде ақ пен қара, жақсылық пен жамандықтың жарысып жүргені де ақиқат. Сондықтан тазалықты, ізгілікті сақтап қалу үшін аластау ырымын жасаса артық болмас. *(Адыраспан шөбін тұтатып аластайды).*


**Әже:** Алас, алас пәледен алас,  
Күнәсізге жағылған жаладан алас.  
Алас, алас, өсектен алас,  
Ақиқатты аттайтын өтіріктен алас.  
Алас, алас, ашудан алас,  
Жалған айтып қашудан алас.  
Алас, алас, көрсеқызарлықтан алас,  
Ұяны бұзар ұятсыздықтан алас.  
Алас, алас, әңгүдіктен алас,  
Ұлтын сүймейтін мәңгүрттен алас.  
Алас, алас, өмірдің өзі талас,  
Жамандықтың бәрінен алас.  
Алас, алас, тегін танымайтыннан алас,  
«ов»-тан алас, «ев»-тен алас.

**Жаршы:** Госпайтыным – арамдық,  
Қостайтыным – адалдық,  
Болмасын деп жамандық,  
Тілеп елге амандық, жырдан шашу шашайық.

*Ән (хормен) шырқалады.*

*Наурыз күні халық алаңға жиналып, өткен-кеткеніне есеп береді. Жыл бойы көріспегендер дүниеден өткендердің туыстарына көңіл айтады, араздасқандар татуласады, ат құйрығын кесіскендерді жарастырады, қуанышқа құттықтау тілектері айтылады, жастарды таныстырады, құда-жекжат болуға алғашқы қадамдар жасалады. Әр өңірден жиналған қауым, яғни, әр жерден жиналған мекеме басшылары мен өздерін таныстырады.*

**Жаршы:** Ел-дәстүрі арымыз,  
Той бастығы – кәріміз.



**Жүргізуші:**

Мекемелер жарыссын,  
Ал тыңдайық бәріміз.  
Мәртебесі тілінің – басты арманы,  
Білесіздер бәріңіз басқарманы,  
Оразкүлдей башымыз ел таныған,  
Киелі істе күмілжіп, жасқанбады.

Мақсатымыз толағай, кемер толған,  
Небір істер, сеніңіз келер қолдан.  
Ақын да бар біздерде, әнші де бар,  
Ұл-қызымыз, шетінен өнер қонған.

15 адам құрамы бар болғаны,  
Қыруар іс тындырды, қолға алғанын.  
650 көшенің жаңа атауы,  
Айдан-анық оп-оңай болмағаны.

Жақсылықтың жоқ дейміз ерте-кеші,  
Кейбіреулер әзірше еркелесін.  
Оқытамыз, үйретіп, түсіртпейміз,  
Мемлекеттік тілдің біз мәртебесін.

*(Осылайша әр мекеме өздерін таныстырып, өнерлерін көрсетеді. Арасында мекеме басшылары қызметкерлерінің баспана тойы, ерулік, бесік тойы, құрсақшашу, тұсаукесер рәсімдерін қалай атап өткені туралы шынайы мәлімет береді).*

*«Наурыз-думан» әні.*

Тілдерді дамыту басқармасының ономастика және талдау бөлімінің бастығы Гүлмира Тәшенованың ұлы Иманғали Ілиясұлының тұсаукесер рәсінде, ата-анасының тілеуімен кішкентай Иманғалидің тұсауын кесу маған бұйырды. өз тарапымнан бүлдіршіннің тұсауын кесіп, «Салт-дәстүр» кітабын сыйға тартып, ақ тілегімді арнадым.

Тұсаукесердің әртүрлі жолдары бар. Бала көгеріп, өсіп-өнсін деген адал ниетпен көк шөппен кеседі. Малы көп болсын, ешқашан аштық көрмесін, тоқ болсын деп, тоқ ішекпен кеседі. Жұрттың ала жібін аттамасын, еліне адал, әділ би болсын деп ала жіппен кеседі. Баланың тұсауын елге сыйлы, көргені көп, балалы-шағалы, ұлын-ұяға, қызын қияға қондырған ауылдың үлкен әжесіне қиғызған.

**Әже:**

**Тұсаукесер жыры**

Қаз, қаз, балам, қаз, балам,  
Қадам бассаң, мәз болам.  
Қаз, қаз, балам, қаз балам,  
Тағы, тағы баса ғой,  
Тақымыңды жаз, балам.  
Тұсауыңды кесейін,  
Күрмеуіңді шешейін.  
Қадамыңа қарайық,  
Басқаныңды санайық.  
Қаз, қаз, балам, жүре ғой,  
Балтырыңды түре ғой.  
Тай құлын боп шаба ғой,  
Озып бәйге ала ғой.  
Қаз баса ғой, қарағым,  
Құтты болсын қадамың.  
Өмірге аяқ баса ғой,  
Асулардан аса ғой!

*«Балапан» биі.*

**Жаушы:**

Наурыз тойдың межесі,  
Әжелердің көжесі.  
Көже ішіп тойландар,  
Оған дейін ойын бар,  
Алдар аға ән айтсын,  
Тазша бала жыр айтсын,  
Құлақ салып тындандар.

*(Әжелер Наурыз көжеге дайындалады. Наурыз көжеге су, ет, айран, тұз, бидай, май, бұршақ салынып пісіріледі).*

**Алдар:**

Алдармын мен, көсемін,  
Айтар сөзге көсеммін.  
Алдар сараң байлардың,  
Айықтырған кеселін!

*(Бірнеше қызық күлкілі әңгімені келістіре орындайды).*

Енді бүгін тойлаймын,  
Елдің қамын ойлаймын.  
Алдауымды қойсам да,  
Қалжыңымды қоймаймын.

*(Әндетіп, ортаға Тазша баланы шақырады).*

**Тазша бала:** Айтпаймын өлтірсең де өтірікті,  
Сұр қоян аюды ұрып өлтіріпті.  
Барыстың алан деген ақ күшігі,  
Қонаққа шақырыпты бөлтірікті.

*(Тазша баланың әртістігі жиналғандарды күлкіге кенелтеді).*

**Әжелер әуені:** Тоя ішсін деп тамсанып,  
Алуан түрлі дәм салып.  
Наурыз көже пісірдік,  
Бал көжеден татындар,  
Бар қызыққа батындар!

*(Жиналғандарға наурыз көже беріледі).*

**Жаршы:** Уа, халайық, тұрмайық!  
Әндетейік, жырлайық.  
Ортамызды ашайық,  
Наурыз көже татайық.

**Жаршы:** «Батамен ел көгерер, жаңбырмен  
жер көгерер» деген.  
Жиналған жұрт ақсақалдан бата тілейді.

**Ақсақал:** Ұлыс оң болсын,  
Қайда барсаң жол болсын!  
Белбеуің беліңде байлаулы болсын,  
Қазан-ошағың қайнаулы болсын!  
Есігің ашық болсын,  
Қабағың жазық болсын.  
Атағың Абайдай болсын,  
Абыройың Абылайдай болсын.  
Жүректі болсаң, Қабанбай жебесін,  
Білекті болсаң, Бөгенбай жебесін.  
Наурызбайдай батыр бол,  
Бауыржандай батыл бол,  
Қалың елің, халқыңды ұмытпа,  
Ата жолы – салтыңды ұмытпа.  
Әумин!